



Кәсіп бастаймын десеңіз қолдау бар

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында қайтарымсыз грант берудің нәтижесінде қаламызда түрлі кәсіп көздері ашылуда. Солардың бірі кір сабын өндірісі.

Бақытжан ЕСМҰРАТОВ мемлекеттік бағдарламаның арқасында ойындағы жобасын жүзеге асырып отыр. Атаулы әлеуметтік көмек алушы жанұя ретінде 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында грант иеленіп, тиісті құрылғыларын алып, кәсібін бастап кетті. «Мемлекеттен 1 380 000 теңге қайтарымсыз грант алып, көптен ойымда жүрген жобамды қолға алдым. Алған қаражатыма шикізатты араластыратын миксер, арнайы ыдыс, сабын шығаратын станок

сатып әкелдім. Қазіргі уақытта тауарымды сату шаруаларымен айналысып жатырмын. Сіздерден қолдау күтемін, жергілікті өнімді сатып алыңыздар, сапасы басқа сабындардан кем емес, бағасы да қолжетімді», – дейді жас кәсіпкер.

Кір сабынды тоң май, фритюрлі май және каустикалық соданы қосу арқылы шығарады. Қазақстанда жасалған станок күніне 380 – 400 дана сабын шығаруға қауқарлы. Өнімнің салмағы 200 грамм, құрамындағы майлы қышқылдар 72 пайыз. Яғни, майлы қышқылдары неғұрлым мол болған сайын, сабынның да сапасы арта түседі деген сөз. «Lider» аталатын Арқалықта шығарылған сабындар әзірге бірді – екілі дүкендердің сөрелерінде тұр. Бүгінгі күні өнімдерін тұтынушыларға қолжетімді ету үшін сауда орындарына көптеп жеткізу жұмыстарын қолға алған. Сапасы өзге сабындардан төмен емес,

бағасы да қалтаға қолайлы. Сондықтан сауда орындарына бара қалсаңыз, «Lider» аталатын сабынды сатып алып, жергілікті өнімнің кең таралуына қолдау білдіріңіз.

Еске сала кетсек, биылғы жылы қаламыз бойынша 17 тұрғын мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, өз кәсіптерін бастаған болатын. 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы аясында қайтарымсыз грант: еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдардың, оралман қандастардың, өңіраралық қоныс аударушылардың, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың, көпбалалы отбасы мүшесі (жұбайы н/е зайыбы), мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырғандардың (жұбайы/зайыбы), асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алатындардың және 35 жасқа дейінгі жастарға беріледі.

Дархан
АМАНТАЙҰЛЫ